

Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 тамыздағы № 55/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 тамызда № 7484 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда – Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 24.08.2023 № 6/14-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына көрсетілетін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және бюджет қаражаты есебінен отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері 13 (он үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 16.04.2025 № 27/15-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетудің (одан әрі қарай-әлеуметтік қолдау) келесі тәртібі бекітілсін:

1) әлеуметтік қолдауды тағайындау уәкілетті орган – "Абай облысы Бесқарағай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады;

2) әлеуметтік қолдау Бесқарағай ауданы аумағындағы ауылдық елді мекендерде тұрақты тұратын және жұмыс істейтін тұлғаларға көрсетіледі;

3) Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардың өтініштерін талап етпей, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларымен бекітілген жинақ тізім негізінде, екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы көрсетіледі.

Әлеуметтік қолдау жылына бір рет беріледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді – Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 24.08.2023 № 6/14-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Әлеуметтік қолдау көрсетуден бас тарту негіздемелері:

1) Бесқарағай ауданының шегінен тысқары ауылдық жерде тұруы;

2) жергілікті атқарушы орган белгілеген әлеуметтік қолдау алу құқығы бар лауазымдар тізбесіне сәйкес келмеуі;

3) ағымдағы жылы әлеуметтік қолдау тағайындалған жағдайда, жыл ішінде екінші рет жүгінуі.

4. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бесқарағай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Бесқарағай аудандық мәслихатының хатшысы

Т. Шабаршова

К. Садыков

Бесқарағай аудандық
мәслихатының

2020 жылғы 11 тамыздағы
№ 55/8-VI шешіміне қосымша

Бесқарағай аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 29/7-VI "Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-7-140 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылғы 20 қарашада жарияланған) шешімі.

2. Бесқарағай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 47/10-VI "Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 29/7-VI "Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік

ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6497 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 15 қаңтарда жарияланған) шешімі.

3. Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 51/5-VI "Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 29/7-VI "Бесқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешімінің қолданылуын тоқтата тұру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6995 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 30 сәуірде жарияланған) шешімі.